



# "Азаматтық авиация академиясы" АҚ түлегі моделі

ТҮЛЕКТИҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МОДЕЛІ  
6В11306 - Көліктегі логистика  
(БАКАЛАВР)

Білім беру  
қызметі

Кәсіби қызметі

МЖМБС

IATA, ICAO, FIATA  
талаптары

Кәсіби стандарт

Көлік-экспедициялық қызметтер

Жеткізу тізбегіндегі жүктерді тасымалдау бойынша логистикалық қызмет

Көлік-логистика орталығын басқару және қызмет көрсету

Әуе көлігіндегі көлік-экспедициялық қызметтер

Кәсіби құзыреттері

Құзыреттері

Жалпы мәдени  
құзыреттері

Халықаралық сертификаттар:  
Қауіпті жүктерді әуе арқылы тасымалдау (7.2, 7.4, 7.5 функционалы);  
Ұшқышсыз ұшу аппараттары (2 категориясы);

Ұлттық біліктілік  
шеңбері

Салалық біліктілік  
шеңбері

Жаңа мамандықтар  
атласы

Қалыптасатын оқыту нәтижелері

Оқытудың нәтижесі  
№ 1

Ұлттық тарих пен мәдениеттің терең жүйелі біліміне, әлеуметтік-саяси және экономикалық құбылыстарды түсінуге, әлемнің ғылыми бейнесін білу тәжірибесіне негізделген рухани-адамгершілік және азаматтық ұстанымға ие болу.

Оқытудың нәтижесі  
№ 2

Мемлекеттік тілді және ұлтаралық/халықаралық қарым-қатынас тілдерінің бірін (орыс, ағылшын) меңгерудің коммуникативтік дағдыларын көрсету, ойлар мен идеяларды ауызша және жазбаша түрде еркін жеткізу.

Оқытудың нәтижесі  
№ 3

Логистикада, авиацияда еңбекті реттеу және нормалау ережелерін, кәсіби қызметтегі адамгершілік ережелер мен мінез-құлық нормаларын қолдану.

Оқытудың нәтижесі  
№ 4

Көлік және логистикалық объектілер жұмысының тиімділігін арттыруға, көліктің материалдық-техникалық базасын және логистикалық инфрақұрылымды ұтымды пайдалануға бағытталған іс-шараларды әзірлеу.

Оқытудың нәтижесі  
№ 5

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау туралы нормативтік актілердің талаптарын орындау, жүктермен жұмыстарды қауіпсіз орындау және оны қоймаларда сақтау нормаларын, әдістері мен тәсілдерін сақтайды.

Оқытудың нәтижесі  
№ 6

Көліктің неғұрлым тиімді түрлерін таңдау, көлік құралдарының қозғалыс бағытын қадағалау, әуе көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру қағидаттарын білуін көрсету.

Оқытудың нәтижесі  
№ 7

Қаржы саласындағы құралдарды пайдалану, жинақтарды сақтау және көбейту, бюджетті дұрыс жоспарлау, салық төлемдерін есептеу, көлік кәсіпорнының қаржылық стратегиясын жасай білу.

Оқытудың нәтижесі  
№ 8

Көлік компанияларының қызмет көрсету нарығына маркетингтік зерттеу жүргізу және сұранысты қалыптастыру және тасымалдауды өткізуді ынталандыру бойынша іс-шараларды әзірлеу, кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметіне талдау жүргізу.

Оқытудың нәтижесі  
№ 9

Көлік және экспедиторлық қызметтерге қажеттіліктерді талдау, сауда-көлік құжаттамасын ресімдеу, жүктерді жеткізу үшін тасымалдау ақысын анықтау, тиеу-түсіру операцияларын бақылауды ұйымдастыру.

Оқытудың нәтижесі  
№ 10

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы білімдерін көрсету, ақпаратты іздеу, өңдеу, сақтау және қорғау бойынша Интернет-ресурстар мен сервистердің барлық қолжетімді іздеу жүйелерін пайдалана білу.

Оқытудың нәтижесі  
№ 11

Көлік объектілері жұмысының технологиялық процестерін әзірлеу, логистикалық процестерді талдау, жоспарлау және бақылау, жеткізу тізбектеріндегі логистикалық тәуекелдерді басқару мәселелерін шешу.

Оқытудың нәтижесі  
№ 12

Жүктерді жеткізудің көліктік-технологиялық схемаларын әзірлеу; тауарды оңтайлы тасымалдауды ұйымдастыру; жүктерді жеткізуді ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын пайдалану.

Оқытудың нәтижесі  
№ 13

Осы салада ғылыми зерттеулер жүргізудің заманауи әдіснамалық және теориялық тәсілдерін жүзеге асыру және қолдану.